

Б.Т. Нұриманов

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан
(E-mail: bekarysnuriman@gmail.com)

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасын құрылымдық талдау

Аңдатпа. Мақалада Қарахандар дәуірі әдеби жәдігерлерінің бірі, 1069 жылы жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі талданады. Аталған туындыны тануда орын алып жатқан кейбір қателіктер көрсетіліп, оны қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы саласында жаңаша зерделеу қажет екенін мәселе етіп көтереді. Зерттеуде Р.Р. Арат жасаған «Құтадғу біліктің» толық нұсқасы негізге алынады. Толық мәтін беске бөліп қарастырылып, әр бөлімі жеке-жеке талданады. Нәтижесінде, қай мәтіннің Жүсіп Баласағұнға тиесілі немесе тиесілі емес екені анықталады және әр бөлім жалпы кітаптың қанша пайызын құрайтыны нақты сандармен беріледі. Талдау нәтижелері Р.Р. Арат, Р. Данкоф, А. Ділашар, Ә. Құрышжанов, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, А. Егеубаев сынды әлемдік және отандық ғалымдардың тұжырымдарымен дәйектеледі. Көркем шығармаға жасалған құрылымдық талдау ондағы басты идеяны, Жүсіптің айтып отырған ойын көрсетуге негіз болады. Зерттеуде алынған нәтижелер «Құтадғу білікті» тануда маңызды.

Түйін сөздер: Құтадғу білік, Ж. Баласағұн, құрылымдық талдау, алғы сөз, көркем шығарма.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-44-51>

Түсті: 27.11.20 / Қайта түзетілді: 26.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 18.03.21

Кіріспе. Қарахандар дәуірінде 1069 жылы жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі бүгінге дейін әр қырынан зерттеліп келе жатыр. Ғалымдар оны тілдік, мәтіндік тұрғыда және тарих, әдебиеттану, мәдениеттану, саясаттану салаларында жан-жақты қарастыруда. Бүгінде қазақ әдебиеттану ғылымы саласында «Құтадғу білікті» тану мәселесі тереңірек зерттеуді қажет етеді. Себебі «Құтадғу білік» атты кітапта Жүсіптің шығармасынан бөлек, оны оқыған кісілер тарапынан жазылған пікірлер бар. Кей зерттеушілер оны да Жүсіптің сөзі ретінде көрсетеді. Алайда, бұл жаңсақ пікір өз кезегінде Баласағұн еңбегін тануда кедергілер тудыруда. Сондықтан бұл мақалада кітапта жазылған мәтіндер са-

раланып, ондағы көркем шығарма құрылымдық әдіспен талданады. Қазақ ғалымдарынан бұған дейін Ә. Құрышжанов, Қ. Өмірәлиев, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, А. Егеубаев сынды бірқатар зерттеушілер шығарманы құрылымдық тұрғыда саралап, оқиға желісін сипаттап өтті.

Баласағұн еңбегін құрылымдық және мәтіндік тұрғыда зерттеуге елеулі үлес қосқан әлемдік ғалымдардың бірі – Р.Р. Арат. Ол «Құтадғу біліктің» Герат, Мысыр және Ферғана деп аталатын үш қолжазбасын түпнұсқадан оқып, мәтіндерін салыстырады. Едишн критик (Edition Critic) әдісі бойынша яғни, бір нұсқасындағы жоғалған мәтіндердің орнын келесі нұсқадағы мәтіндермен толықтырып,

шығарманың толық мәтінін түзіп шығады. Онда 38 қатардан тұратын қара сөз, 77 бәйіт, кітаптың мазмұны және 6645 бәйіттік шығарма бар.

Зерттеу әдістері. Бұл зерттеуде «Құтадғу біліктегі» қара сөз және өлең түріндегі мәтіндер бес бөлімге бөлініп талданып, әр бөлім кітаптағы мәтіннің қанша пайызын құрайтыны көрсетіледі. Ол шетелдік және отандық ғалымдардың пікірімен дәйектеледі. Сонымен қатар, көркем шығармадағы автордың айтпақ ойы, негізгі идеясы зерделенеді.

Ғалым Р.Р. Арат түзіп шыққан толық мәтін бүгінде әлемдік ғылымда кеңінен қолданылады. Соны негізге алып қарағанда, кітаптың өзін бес бөлімге бөліп қарастыруға болады.

«Құтағу білікті» жоғарыда 1-кестеде көрсетілгендей бөліп қарау Ж. Баласағұн еңбегін тануда маңызды болып отыр. Себебі кітапта Ж. Баласағұнға тиесілі емес мәтін бар. Сонымен қатар, Жүсіпке тиесілі болса да, көркем шығарма мазмұнына кірмейтін мәтін кездеседі. Сондықтан оларды жеке-жеке қарастыру қажет.

Талқылау. Кітаптың алғашқы беттерінде қара сөз және өлең түрінде жазылған мәтіндер кездеседі. Оны алғы сөзге жатқызуға болады. Мұндағы назар аударатын мәселе, ол – Жүсіптің сөзі емес, басқа кісілердің Жүсіп туралы пікірі мен оның шығармасына берген сипаттамасы екені. Себебі онда кітаптың Шын, Машын, Иран және Шығыс елдеріне

Кесте 1

	Атауы	Көлемі	Мазмұны
1	Алғы сөз	Қара сөз 38 қатар Өлең 77 бәйіт	Ж. Баласағұн туралы пікір мен «Құтадғу білікке» сипаттама
2	Мазмұны	85 бап	Баптардың (бөлімдердің) тізімі
3	Кіріспе	1-397 бәйіттер	Әртүрлі тақырыпты қамтиды
4	Көркем шығарма	398-6520 бәйіттер	Көркем шығарма
5	Қорытынды	6521-6645 бәйіттер	Жүсіптің ішкі толғанысы

таралғаны және оған әр елдің әртүрлі атау бергені жазылады [1, 54 б.]. Шығарма дүниеге келген бойда айшылық алыс жердегі өзге елдердің дереу оған ат қоюы мүмкін емес. Ол атаулар кітап әлемге таралған соң оны оқыған кісілер тарапынан берілді. Демек, қолда бар үш қолжазба да – «Құтадғу біліктің» кейін жасалған көшірмелері.

Қара сөз түріндегі мәтін 38 қатар болса, одан кейінгі өлең 77 бәйіт. Қара сөзден тұратын алғы сөз «Құтадғу біліктің» үш нұсқасында да кездеседі. Үшеуінде аздаған мәтіндік айырмашылық болғанымен, жалпы мазмұны ұқсас.

77 бәйіттік алғы сөз «Құтадғу біліктің» Каир [2, 2-4 б.] мен Вена [3, 2-4 б.] нұсқаларында ғана бар. Аталған жәдігерді ағылшын тіліне аударған Америка ғалымы Р. Данкофф (Robert Dankoff): «Ферғана нұсқасында 77 бәйіт жоқ» [4, 270 б.] екенін жазады. Түркия ғалымы Р.Р. Арат болса: «пікірді жазған шайыр Қашқар-

лық емес және кейінгі дәуірдің адамы екені аңғарылады» [5, 29 б.] деп, өлең түріндегі алғы сөзге қатысты пікір білдіреді. Келтірілген пікірлерге сүйене отырып, кітаптың алғы сөзі Жүсіп Баласағұнның сөзі емес деп нақты тұжырымдауға болады. Сол себепті, «Құтадғу білікті» толық тану үшін алғы сөзден гөрі шығарманың негізгі композициясын негізге алған дұрыс.

Қара сөз және өлең түрінде жазылған алғы сөздің авторы бір адам ба, әлде екі түрлі кісі ме, ол жағы белгісіз. Қалай болғанда да, алғы сөзде оны жазған адам «Құтадғу білік» атты көркем шығарманы қаншалықты дәрежеде таныта алды деген мәселе туындайды.

Алғы сөздің екеуі де ислам діні қағидасы бойынша әуелі Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтыла келе, дұға-тілекпен жалғасады. Одан кейін кітаптың құндылығы, оның өзге елдерге таралуы мен әртүрлі ат берілуі жазылады. Билік ұғымы, оның құлау неме-

се ұзақ сақталу себептері де қамтылады. Бұл философиялық пайымдар болса, әрі қарай кітаптың жазылған жері, авторы, сый ретінде қабылдаған билеуші және оның сыйға жасаған қайтарымы туралы деректер береді. Ол сол дәуірден жеткен тарихи мәлімет ретінде құнды. Осы мәтіннен соң 28-35 қатарында көркем шығармаға қысқаша сипаттама жазылады. Мәселе де осы жерден туындап отыр. А. Егеубаевтың аудармасында ол төмендегідей беріледі:

«Бұл әзіз кітап төрт ұлы ұғым, төрт қымбат қасиеттердің сұхбатынан құрылған: бірі – Әділ (Әділет), екіншісі – Дәулет (Бақыт, құт), үшіншісі – Ақыл, төртіншісі – Қанағат. Олардың әрқайсысына жеке-жеке түрліше ат берген. Әділетке «Күнтуды Елік» атын беріп, хан орнына қойған; Дәулетке «Айтолды» деген ат беріп, уәзір орнына қойған; Ақылға «Өгдүлміш» атын беріп, уәзірдің ұлына балаған; Қанағатқа «Одғұрмыш» атын беріп, уәзірдің туыс ағасы деп санаған. Ғұлама өз пікірлерін ой толғаныстарын солардың арасындағы пікірлесу, сауал-жауап сөздер арқылы әңгімелеп, желілеп жеткізген» [1, 54-55 б.].

Өлең түрінде жазылған алғы сөздің 64-72 аралығындағы бәйітте де осы мазмұндағы пікір айтылады.

«Баяндар һәм кітап мәнін тізімдеп,
Төрт керемет қасиеттен түзілген:
Бірі оның шындық жолы – ӘДІЛЕТ,
Екіншісі – құт пен ырыс, ДӘУЛЕТ.
Үшіншісі – АҚЫЛ менен парасат,
Төртіншісі – ұстамдылық, ҚАНАҒАТ.
Әрбіріне басқа-басқа ат тағып,
Баяндайды қалатындай жатталып.
Әділдікті КҮНТУДЫ ЕЛІК атапты,
Өздеріне соны әмірші жасапты.
Ал дәулетті АЙТОЛДЫ деп санаған,
Уәзірлік орынды оған балаған.
ӨГДҮЛМІШ деп ат қойыпты ақылға,
Жалғыз ұлы ол уәзірдің қасында...
ОДҒҰРМЫШ деп аталыпты қанағат,
Уәзірге дейді жақын, жұрағат.
Бұл төрт нәрсе хиқыматын, сырларын,
Хатқа тізген, көрсең кітап жырларын»
[1, 60 б.].

Жоғарыда көрсетілген екі алғы сөз бен көркем туындыны салыстырғанда арасында алшақтық бар екені байқалады. Яғни, шығарма әділет, дәулет, ақыл және қанағат деген төрт қасиет арасында емес, бойында осындай сипаты бар төрт кейіпкердің арасында өрбиді. Мысалы, шығармадағы Күнтуды Еліг – Қарахан мемлекетінің билеушісі Бұғра ханның прототипі. Оның шығарманың бас жағында әділ сипатымен танылатыны, әділдіктің символы ретінде көрінетіні рас. Алайда, тұтас туындыда олай емес, басқа да сипатымен көрінеді. Келесі кейіпкер ханның Бас уәзірі – Айтолды. Ол ханға аз уақыт қызмет етіп, дүниеден өтеді. Сол себепті ол өзін қонып, қайта ұшқан бақ-дәулетке теңейді. Үшінші кейіпкер Өгдүлміш – Айтолдының ұлы. Әкесі қайтқан соң орнына Бас уәзір болған ол – ақылды кейіпкер. Алайда, күрделі де, тартысты шығарма желісінде оның бейнесі басқа да қырымен көрінеді. Төртінші кейіпкер – Өгдүлміштің туысы Одғұрмыш болса, дүниені тәрк етіп, тауда жалғыз өзі құлшылықпен өмір сүруге бекінген кісі. Ол шығармада қанағат сипатымен емес, туыстан, ұрпақтан, қоғамнан, тіпті, өмірден безген кейіпкердің бейнесінде беріледі. Шығармада бұл төртеуінен басқа да бірнеше кейіпкер бар. Барлығының арасында сұхбат қана емес, тартысқа, шиеленіске, психологиялық күйзелістерге толы сюжеттер бар. Демек, айырмашылықтың бары анық байқалады. Сол себептен болар, өлең түрінде жазылған алғы сөз жайында ғалым Р.Р. Арат: «Құтадғу біліктің жанрына ерекше мән берген шайыр шығарманың негізгі мағынасын түсіндіре алмаса да, қабілетті өнерпаз екенін көреміз» [5, 28 б.], - деп қорытынды жасайды.

Алғы сөзде жазылған деректерді саралай келе оны жазған адам «Құтадғу білікті» өз түсінігені бойынша, әрі біржақты танытқаны белгілі болды. Мәселенің туындауы да, кей зерттеушілердің «Құтадғу білікті» және Жүсіптің көзқарасын осы алғы сөзде айтылған пікірге сүйеніп түсіндіруінен. Мысалы, Г. Құрманғали есімді зерттеуші Жүсіптің пікірі ретінде алғы сөздегі «Бісмилләхи-р-рахмани-р-рахим! Әзиз, уә, күллі ұлылықтың иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бәріне

ризык берген құдіреті күшті тәңірге ырза-мыз. Әрі ол атақ-даңққа бөлене берсін!» деген мәтінді қолдана отырып, «шығарманың өн бойында Жаратқанға жалбарынып, оған шүкірлігін айтып отырады. Әр сөзін Алланың атымен бастап, құдіретіне бас иеді» [6, 38 б.] - деп түсіндіреді. Мұндай олқылықтар қазақ зерттеушілері арасында көптеп кездеседі. Алайда, ол пайдаланған мәтін – Жүсіптің емес, белгісіз автордың алғы сөзі. Әлем ғалымдары оны Жүсіптің сөзі емес, әрі шығарманы толық түсіндіре алмаған деп бағалайтыны белгілі. Олай болса, кейбір зерттеулерде айтылған пікірлердің жаңсақ екені анық. Сондықтан «Құтадғу білікті» тану үшін көркем шығарманың өзіне сүйену маңызды.

Мазмұны. Кітапта алғы сөзден соң шығарманың мазмұны берілген. Үш нұсқаның мазмұнында мәтіндік тұрғыда айырмашылық жетерлік.

Мазмұн бөлігінен кейінгі мәтіндер яғни, Р.Р. Араттың нөмірлеуі бойынша 1-6645 аралығындағы бәйіттер – Жүсіптің қаламынан туған төл туындысы. Оның өзі жоғарыда кіріспе, көркем шығарма және қорытынды деп алынды. Оның өзіндік себебі бар.

Кіріспе. Мазмұннан соң кітаптың *кіріспесі* басталады. Ол 1-11 бап арасындағы 397 бәйіттен тұрады. Бұл бәйіттер Ж. Баласағұнның өз сөзі екеніне еш талас жоқ. Онда автор діни мәтіндерден бастап әртүрлі тақырыпты қозғайды. 1-33 бәйіттерді қамтитын бірінші бапта Алла-Тағаланы сипаттап, оған мақтау мадақтар айтады және мінәжат үлгісінде жыр арнайды. Әрбір сөзді немесе әрбір істі Аллаға сиынып бастау – ислам дінінің әдеп-қағида-сында қалыптасқан үрдіс.

Сөз басында Тәңірді еске алу көне түрік халықтарында да кездесетін құбылыс. Мысалы, «Күлтегін жазба ескерткіші» де әуелі Тәңіріні еске алып, оны дәріптеу сөздермен басталады. «Үсте көк Тәңірі, аста (төменде) баран жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралған» [7, 173 б.]. Сонда Жүсіп көне түрік дәстүрі мен ислам діні қағидаларын ұштастыра отырып, шығармасын Жаратушының атымен бастады деуге болады.

Автор 34-48 бәйіттер арасындағы екінші бапта Мұхамед пайғамбар туралы жырлай-

ды. Қысқаша өмірбаянын, пайғамбар ретіндегі миссиясын, бойындағы қадір-қасиеті айтады. Соңында, қияметте онымен бірге болуды Алладан тілейді. Үшінші бапта Мұхаммед пайғамардың Әбубәкір, Омар, Осман және Әли атты төрт досын жырлайды. Аталған үш баптан сол кездегі түрік халықтарының діни наным-сенімі мен Алла туралы танымы байқалады. Дін саласындағы қалыптасқан терминдер де осы бапта қолданылған.

Төртінші бапта, яғни 63-123 арасындағы бәйіттерде Қарахан мемлекетінің сол кездегі билеушісі Бұғра хан жайлы баяндайды. Шайыр ханның қадірін, оның елге жасаған жақсылығын, ұстанған саясатын, әлем алдындағы беделін жырлайды. Осы бәйіттерді жазуда Жүсіп өзінің ақындық қуатын ерекше байқатады. Өз заманының келбетін бейнелеудегі суреткерлігі, ханның образын жырмен сомдаудағы шеберлігі айрықша көрінеді. Сөзінің соңында ізгі ниетін білдіріп, ақжарқын тілегімен аяқтайды. Мұны Ж. Баласағұнның ханға қарата айтқан арнауы десе болады. Мұндай арнаулар, Қазақ хандығы дәуірінде Шалкиіз, Бұқар сынды жырауларда да жалғасқаны белгілі.

Бесінші бапта астрономиялық білім, қазіргі тілмен айтқанда, он екі ай мен жеті планета туралы сөз болады. Алтыншы бапта адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен өлшенетіні айтылады. Жетінші бап тілдің пайдасы мен зиянына арналады.

Шайырдың әртүрлі тақырыптан сөз қозғуын көне түрік дәуірінен бері қарай жалғасып келе жатқан жыраулық, жыршылық дәстүрдегі терме айту үрдісі деуге болады. Сегізінші бапта Жүсіп өзінің ой-толғаныстарына кезек береді. Ол жыраулардың толғауымен үндеседі. Тоғызыншы бапта ізгілік қылудың пайдалары айтылса, оныншы бапта білім мен ақылдың пайдасы сөз етіледі. Бұл да ақын-жыраулар поэзиясындағы өсиет, насихат жырларымен мағыналас. Түркиялық зерттеуші А. Ділашар: «VI-X баптарда Жүсіп, жалпылай алғанда өзінің өмір туралы көзқарасын тұжырымдап мына үш мәселеге тоқталады: білім, тіл және ізгілік» [8, 82 б.], - деп түсіндіреді. Он бірінші бапта Жүсіп Баласағұн өз жағдайын,

кітапқа не үшін «Құтадғу білік» деп ат қойғанын және өзінің оны жазудағы мақсатын баяндайды.

Кіріспедегі аталған он бір бапта ежелден келе жатқан жыраулық дәстүр сақталған. «Күлтегін жазба ескерткіштерінде» ең бірінші «Көкте Тәңрі» деп басталса, мұнда сол көне түрік пен ислам діні негізге алынады. Демек, әрбір шығарманы Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтып бастап, адамды ізгілікке тәрбиелеу үшін насихат айту – сол кездегі кең жайылған дәстүр. Мысалы, жыраулар мен жыршылар дастан жырламас бұрын әуелі тыңдаушының назарын өзіне аударып, сосын шабыт шақыру үшін әуелі жыр бастау, терме, өсиет, толғау, арнау үлгісінде бірнеше туындылар орындайды. «Құтадғу білік» жазба әдебиет болса да, Жүсіп шайыр ауыз әдебиеттегі тәсілді ұтымды қолданады. Демек, мұндағы діни мәтіндер мен әртүрлі тақырыпты жырлаған бәйіттер – кітаптың кіріспесі, сондықтан оны шығарманың негізгі композициясына кірмейді деп тұжырымдауға болады. Сондықтан кіріспеді көтерілген тақырыптарды саралағанда «Құтадғу білікті» тану үшін көркем шығарманың өзіне назар аударудың маңызы арта түседі.

Көркем шығарма. Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» атты туындысының композициясы 12-ден басталып, 85-тен аяқталатын 75 бапты қамтиды. Мемлекет, билік тақырыбын көтерген бас-аяғы 6122 бәйітті құрайтын көркем шығарма жалпы кітаптың 91%-ын құрайды. Ол әлемдік ғалымдар тарапынан мойындалған. Мысалы, түрік зерттеушісі А. Ділашар: «XII-баппен (398 бәйітпен) «Құтадғу біліктің» негізгі хикаясы басталады» [8, 91 б.], - деп көрсетеді. Осы тұжырымды негізге алып қарағанда тұтас шығарманың композициясын екі бөлімге бөліп қарауға болады.

1. Күнтуды мен Айтолды кезеңі. Оған «Сөз басы – Күнтуды Еліктің өзі» деген 12-баптан басталып, «Айтолдының Күнтуды Елікке аманат, өсиет жазып қалдырғаны жайлы айтылады» деген 23-бапқа дейінгі аралық кіреді.

2. Күнтуды мен Өгдүлміш кезеңі. Ол «Күнтуды Еліктің Өгдүлмішті шақырғаны туралы айтылады» деген 24-бап пен «Еліктің Өгдүл-

мішке көңіл айтып жұбатуы» деген 85-бапқа дейінгі аралықты қамтиды.

Күнтуды мен Айтолды кезеңі. Көркем шығарма Қарахан мемлекетінің билеушісі «Күнтуды Елік» туралы эпизодпен басталады. Онда ханның елдің басқару жүйесін жетілдіріп, халыққа көп жақсылық жасағаны суреттеледі. Сол сәтте ханның әділдігін естіп, оған қызмет етуге асыққан Айтолды бейнесі қосылады. Оның мемлекет қызметіне келуі сол дәуірдегі ахуалды толық ашатын бір сюжет. Әуелі өз ауылынан шығып, арып-ашып жол жүріп, елдің астанасына келеді. Онда бір кеуен сарайға тоқтап, оның иесі Көсемішпен танысады. Айтолдының сөзін тыңдаған Көсеміш, оны ханның Бас уәзірімен кездестіреді. Нәтижесінде Күнтуды Айтолдыны қабылдайды, кейін өзінің Бас уәзірі етіп тағайындайды. Алғашқы шиеленіс те осы жерде басталады. Қызметке жаңа келген Айтолды Күнтудыға «мен сенен артықпын» деп, өзін мемлекеттің «бақ-дәулетіне» балайды. Оған ашуланған хан тез арада Айтолдыны сабасына түсіреді және өзінің әділетті екенін көрсетеді. Одан әрі екеуі мемлекетке әділ заң орнату, әділдікпен басқару мәселесін талқылап, басқару жүйесін жетілдіреді. Кенет күтпеген жерден екінші шиеленіс орын алады, яғни Айтолды өмірден өтеді. Кетерінде ұлы Өгдүлмішке өсиет айтады және Күнтудыға хат жазып қалдырады. Осы оқиға арқылы шиеленіс шарықтау шегіне жетеді.

Күнтуды мен Өгдүлміш кезеңі. Екінші бөлім мемлекет басшысы Күнтудының Өгдүлмішті сарайға шақыртуы және оны Бас уәзір етіп тағайындау оқиғасымен басталады. Одан кейін екеуі мәңгілік ел болудың мәселесін ақылдасып, мемлекеттің идеологиясын, басқару жүйесін және кадр дайындау саясатын талқылайды. Осы жерде 28-ден 38-ге дейінгі баптарда бектер, уәзірлер, бас уәзір, сарай әміршісі, елші, әскербасы, жылнамашы, қазынашы секілді көптеген лауазым иелері қандай болу керектігіне тоқталады. Оларға қойылатын талаптар мен жүктелетін міндеттер толық баяндайды. Ұзаққа созылған осы сұхбатты зерделей келе, ғалым А. Қыраубаева: «Ақын, әрі ойшылдың «Құтты білігі» – тұтастай кемел

мемлекеттің құрылымы» - деп бағалайды [9, 96 б.].

Көркем шығармада ханның мемлекет ісін атқаратын қызметкер іздеп, ел ішіне сұрау салғаны айтылады. Әрі қарай туындыға Одғұрмыш бейнесінің қосылуы екінші бөлім сюжетінің алғашқы шиеленісін тудырады. Зерттеуші Н. Келімбетов: «Одғұрмыш – бұл өмірдің бар қызығынан безіп, тәркі дүние жолына түскен дәруіш болып, тау кезіп кеткен адам» [10, 245 б.] - деп түсіндіреді. Одғұрмыш – мемлекетке қызмет етуге ақыл-парасаты, білім-қабілеті жете тұрса да, мемлекет, отан, ұрпақтың болашағы деген мәселеден бас тартқан, өмір сүруден баз кешкен кейіпкер, яғни анти-қаһарман. Оны осы жолдан қайтару үшін Күнтуды мен Өгдүлміш үш мәрте шақырады. Алғашқы шақыруында Өгдүлміш Одғұрмышқа елден безудің ислам дініне қайшы екенін түсіндіреді. Мақсатын құлшылық қылып, сауап жинау болса, елмен бірге намаз оқып, ораза ұстауға үндейді. Сондай-ақ, үйленіп бала-шағалы болуға және қолына қару алып отанын қорғауға шақырады. Алайда, оған Одғұрмыш көнбейді. Екінші мәрте шақыруында Өгдүлміш Одғұрмышқа мемлекетке және билік өкілі ретінде халыққа қызмет етудің заңдылығын және мемлекет қызметкерінің этикасын баяндайды. Сонымен қатар, қоғаммен байланыстың қыр-сырын, ұрпақ тәрбиелеп, елге жақсылық жасаудың тәркі дүниеліктен артық екенін түсіндіреді. Алайда, Өгдүлміш пікірінен қайтпай, тартыс одан әрі күшейе түседі. Үшінші шақыртудан соң Одғұрмыш елге түнделетіп келіп, Күнтуды Елігпен кездеседі. Түнделетіп келуінің себебі – басқа адаммен кездесіп қалмау. Осы жерде шиеленіс күрделене түседі. Өйткені сұхбаттан соң Күнтуды мемлекет билігін тастап, Одғұрмыш секілді тәркі дүние болуға шешім қабылдайды. Оны Бас уәзір райынан қайтарады. Көркем шығармада бірінен кейін бірі туып отыратын күрделі сюжеттер туралы ғалым А. Егеубаев былай дейді: «Бірқатар бәйіттерде, кітап ішіндегі тарауларда, кітаптың тұтас бітімінде осы өз ішінен тұйықталып отыратын сюжеттік заңдылық (оқиғаның, ой-

дың басталуы // дамып, өрбуі // айтпақ түйін, тиянағы...) басым» [11, 18 б.].

Шығарманың жалғасында Күнтуды мен Өгдүлміш ел барқарудың заңдылығы, мемлекет басшысы мен халық арасындағы қарым-қатынас, саяси ұстанымдар туралы талқылайды. Көп ұзамай Өгдүлміш те Одғұрмыш секілді дүниені тәрк етуді таңдайды. Ол кезде оны алған бетінен Күнтуды қайтарады. Осы кезде шиеленіс шарықтау шегіне жетіп, тағы да күтпеген оқиға болады. Хан мен Бас уәзірдің үгіттеуіне, шақыртуына мойын бұрмаған Одғұрмыш соңында діни ұстанымының кесірінен дүниемен қош айтысады. Ал, мемлекет пен оның халқы әрі қарай бақытты, баянды өмір сүре береді. Көркем шығарма осылай аяқталады.

Қорытынды. Кітапта көркем шығарма аяқталған соң үш тақырыпшадан тұратын, шұбыртпалы ұйқаспен өрілген толғау жазылған. Көркем шығарманың негізгі композициясына кірмейтін ол мәтін 6521-6645 аралығындағы бәйіттерді қамтиды. Ол кітаптағы жалпы мәтіннің 2%-ы. Онда босқа өткен жігіттік шағына ашынғаны, қариялық жайындағы толғамы және заманның бұзылғаны туралы алаңдаушылығы сөз болады. Соңында өзі туралы да жырға қосады. Басқаша айтқанда, ол үлкен еңбектен кейінгі Жүсіптің ішкі толғанысы, өмірден түйгені, философиялық пайымы.

Нәтижелер. Талдау нәтижесі көрсеткендей Ж. Баласағұнның кітабында жазылған мәтіндер беске бөліп қарастырылды. Бұлай зерттеу «Құтадғу білікті» дұрыс тану үшін маңызды болып отыр. Яғни, туындыны алғы сөзге, кіріспеге және қорытындыға қарап емес, көркем шығарманың өзіне сүйеніп зерттеу керек екені дәлелденді. Алғы сөз кітаптағы мәтіннің 1%-ын құрайтыны, оның авторы Жүсіп емес екені анықталды. Мәтіннің 6%-ын құрайтын кіріспеге әртүрлі тақырыптың қозғалуы және 2% болатын қорытындыда толғау жырдың жазылуы – жыраулық дәстүрдің көрінісі. Ал, кітаптың негізгі бөлігін, нақтырақ айтқанда 91%-ын құрайтын көркем шығарма билік тақырыбын арқау етеді.

Қорытынды. Мақалада Жүсіп Баласағұнның кітабы құрылымдық әдіспен талданды. Автор мәңгілік ел болуды шиеленіске, психологиялық күйзеліске толы сюжеттер мен эпизодтар арқылы жеткізеді. Сондықтан мақалада көркем шығарма екі бөлімге бөліп талданды.

Күнтуды мен Айтолды кезеңінде автор оқырманға мына үш мәселені жеткізуге тырысқаны байқалады. Біріншіден, елде әділ заң мен әділетті басшының бар екені. Екіншіден, мемлекеттің жоғары лауазымына ақыл, парасат, білім, қабілет, адалдық секілді жақсы қасиетті бойына сіңірген, руының алдында беделі жоғары кісілердің жетуіне болатыны. Осы жерде, түрік халықтарында таптық бөлінудің болмағаны айқын аңғарылады. Үшіншіден, мемлекет қызметіне кіріскен кісіге таққа таласудан, билік өкілдері арасындағы күрестен абай болуды өсиет еткені. Сондықтан ел бірлігінің маңызын жеткізеді.

Күнтуды мен Өгдүлміш кезеңінде де Жүсіптің тағы үш мәселені айтқысы келгені аңғарылады. Біріншісі, мемлекет қызметкеріне қойылатын талаптарды айта келе, Қарахан мемлекетінің құрылымын, басқару жүйесін көрсетеді. Бұл жерде де таптық бөліну емес, әділдікке негізделген ізгілікті басқарудың

болғаны, мемлекет қызметкерінің этикасы мен кадр саясатының жетілгені байқалады. Ел басқаруда өзіне дейінгі сақ, ғұн, көк түрік мәдениетін негізге алады, елдің бірлігін басты орынға қояды. Екіншісі, Одғұрмыштың бейнесі арқылы тәркі дүниелік діни көзқарастың адам, қоғам және мемлекет үшін қауіпті екенін көрсетеді. Анығында, Одғұрмыш – сол кездегі қоғамдағы кейбір кісілердің жиынтық образы. Яғни автор, ат үстінен түспеген жауынгер түрік халықтарын әлсіретіп, мемлекетін, ұрпағын, елінің келешігін ойламайтын қоғамға айналдыру үшін сыртқы күштердің жасаған идеологиялық соққысы екенін жеткізеді. Оның соншалықты өзекті болғаны сондай, бұл мәселені мемлекеттік деңгейде тоқтауға күш салады. Күнтуды мен Өгдүлміштің сол жолға кете жаздауы – ол идеологияның аса қауіпті екенінің белгісі. Үшіншісі, осы шиеленістер барысында Қарахан мемлекеті халқының мәдениеті, ахуалы және билік пен халық арасындағы байланыс суреттеледі. Шығарманың соңында Одғұрмыштың дүниеден өтуі және Күнтуды мен Өгдүлміштің мемлекетті нығайтып, әрі қарай жақсы өмір сүруі – ол мәселенің шешілгенін көрсетеді. Жүсіптің көркемдік шешімі де осы.

Әдебиеттер

1. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / ауд.: А.Қ. Егеубаев. Т. 5. – Алматы: Таймас, 2007. – 536 б.
2. Yusuf Has Hacıb. Kutadgu Bilig: faksimile. Kahire nüshası. – Ankara: TDK, 2015. – 213 p.
3. Yusuf Has Hacıb. Kutadgu Bilig: faksimile. Viyana nüshası. – Ankara: TDK, 2015. – 118 p.
4. Dankoff R. Kutadgu Bilig'in Metin Sorunları / çev. E. Uçar // Dil Araştırmaları. – 2015. – №16. – P. 269-286.
5. Arat R.R. Kutadgu Bilig. – Т. 1. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1979. – 656 p.
6. Құрманғали Г. Құранның ортағасырлық әдеби жәдігерлерге ықпалы // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №3(132). – 36-43 б.
7. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. 1-кітап. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.
8. Dilaçar A. Kutadgu Bilig İncelemesi. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2016. – 209 p.
9. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. 5-том. – Алматы: Өнер, 2008. – 216 б.
10. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
11. Егеубаев А. Түркі әлемінің ұлы мұрасы. // Әдеби жәдігерлер. 20 том. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. – Алматы: Таймас, 2007. – 152 б.

B.T. Nurimanov

South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Structural analysis of the work of Zhusup Balasagun «Kutadgu Bilig»

Abstract. The article analyses Zhusup Balasagun's work «Kutadgu bilik» written in 1069, one of the literary masterpieces of the Karakhanid era. It indicates some errors in the recognition of this work, raises the question

of the need to study it in a new way in the field of modern Kazakh literary science. The study is based on the full version of «Kutadgu Bilig» developed by R.R.Arat. The full text is divided into five sections, each section is analyzed separately. This determines which text does or does not belong to Yusuf Balasaghuni and what percentage of the total book each chapter represents. The results of the analysis are confirmed by the conclusions of world and domestic scientists, such as R. R. Arat, R. Dankof, A. Dilashar, A. Kuryshzhanov, N. Kelimbetov, A. Kyraubaeva, A. Egeubaev. The structural analysis of the work of art serves as the basis for the implementation of the main idea, the Zhusup's idea. The results obtained in the study are important for the recognition of «Kutadgu Bilig» work.

Keywords: Kutadgu Bilig, J. Balasagun, structural analysis, introduction, a work of art.

Б.Т. Нұриманов

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

Структурный анализ произведения Жусуп Баласагуна «Кутадгу билик»

Аннотация. В статье анализируется произведение Жусупа Баласагуни «Кутадгу билик» – один из литературных шедевров эпохи Караханидов написанный в 1069 году. В работе приведены некоторые ошибки, произведенные при изучении этого произведения, что ставит вопрос о необходимости нового исследования в области современной казахской литературной критики. В основе исследования лежит полная версия книги «Кутадгу билик» Р.Р. Арата. Полный текст разделен на пять разделов, каждый из которых анализируется отдельно. В результате определяется, какой текст принадлежит или не принадлежит Жусупу Баласагуни, какой процент от общей книги составляет каждая глава. Результаты анализа подтверждены выводами зарубежных и отечественных ученых, таких как Р.Р. Арат, Р. Данкоф, А. Дилашар, А. Курышжанов, Н. Келимбетов, А. Кыраубаева, А. Егеубаев. Структурный анализ произведения искусства – основа для раскрытия основной идеи Юсуфа. Результаты исследования важны для исследования «Кутадгу билик».

Ключевые слова. «Кутадгу билик», Ж. Баласагуни, структурный анализ, предисловие, художественное произведение.

References

1. Zhusip Balasagun. Kutty bilik [Gracious knowledge] / Translate in Turkish: A. Egeubayev. Vol. 5. (Olke, Almaty, 2006, 640 p.). [in Kazakh]
2. Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: faksimile. Kahire nüshası. (TDK, Ankara, 2015, 213 p.).
3. Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: faksimile. Viyana nüshası. (TDK, Ankara, 2015, 118 p.).
4. Dankoff R. Kutadgu Bilig'in Metin Sorunları / çev. E. Uçar, Dil Araştırmaları, №16, 269-286(2015).
5. Arat R.R. Kutadgu Bilig. T. 1. (Türk Dil Kurumu, Ankara, 1979, 656 p.).
6. Kurmangali G. Kurannyn ortagasyrlyk adebi zhadigerlerge ikpaly [The influence of the Koran on medieval literary artifacts], L.N. Gumilev atyndagy EEU Habarshysy. Filologiya seryasy [Bulletin of L.N.Gumilyov ENU. Philology series], 132(3), 36-43(2020). [in Kazakh]
7. Sartkozha K. Orhon muralary [Orkhon heritage]. (Kultegin, Astana, 2003, 392 p.). [in Kazakh]
8. Dilaçar A. Kutadgu Bilig İncelemesi. (Türk Dil Kurumu, Ankara, 2016, 209 p.).
9. Kyraubayeva A. Ezhelgi adebyet [Ancient literature]. (Oner, Almaty, 2008, 216 p.). [in Kazakh]
10. Kelimbetov N. Ezhelgi dauir adebyeti (Kazak adebyeti bastaulary) [Ancient literature (The beginnings of Kazakh literature)] (Atamura, Almaty, 2005, 336 p.). [in Kazakh]
11. Egeubayev A. Turki aleminin uly murasy [The great heritage of the Turkic world], Adebı zhadigerler [Literary artifacts]: Zhusip Balasagun. Kutty bilik / aud.: A.K. Egeubayev [Translate in Turkish: A.K.Egeubayev]. (Taimas, Almaty, 2007, 152 p.). [in Kazakh]

Автор жайлы мәлімет:

Нұриманов Бекарыс – PhD, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Nurimanov Bekarys – Ph.D., Senior lecturer of the Department of Kazakh language and Literature, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan.